

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы
Сынып жетекшілерінің әдістемелік кеңесі

Хаттама №1

Күні: 26.08.2024ж.
Уақыты: 12.00
Қатысушылар: 1-11 сынып жетекшілері

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылында «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ негізінде тәрбие жұмыстарын жүзеге асыруды таныстыру- Г. Б. Оналбаева тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Тындалды:

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Б. Оналбаева сынып жетекшілер семинар-кеңесінде 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмыстарындағы ерекшеліктеріне тоқталды.

Биылғы оқу жылында 1-4 сыныптарда-39 сынып, 5-8 сыныптарда –37 сынып, 9-11 сыныптарда – 23 сынып, барлығы -99 сынып комплекті бар. Мектептің тәрбие жоспары мен 1- 11 сынып жетекшілерінің 2024-2025 оқу жылында тәрбие жоспары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру туралы нормативтік құжатнамалар негізінде жоспарланды:

- Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру ұйымдарында *«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы* № 194 бұйрық 30.07.2024ж.;
- № 194 бұйрық 30.07.2024ж. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының бұйрығына 1-қосымша: *Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы;*
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының бұйрығына 2-қосымша: *Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары*
- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы *«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»*
- 2024-2025 оқу жылының 29.08.2024ж. №1 педагогикалық кеңесі 1-11 сынып жетекшінің *«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жұмыс жоспары.* «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы № 194 от 30.07.2024ж. негізінде сынып жетекшілерге сыныптың тәрбие жұмыстарын жоспарлау және оны жүзеге асыру туралы таныстырылды.

Мақсаты: 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын тәрбие жұмысында сынып сағаттары мен 10 минут жеке қауіпсіздік сағатын өткізу.

Міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;

Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;

Отбасы, қоғам алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу;

Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;

Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Тәрбие жұмысының негізгі құндылықтар топтамасы

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

Тәрбие жұмысының негізгі жобалар топтамасы

«Бақытты отбасы» - отбасы тәрбиесі арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Мен таңдаған жол» - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру

«Шеңбер» - ашық диалог алаңы, ата- анамен мұғалім арасындағы қарым- қатынас тәрбиеленушінің қабілетін «Сыныпты бақылау» - білім алушылардың оқуын атааналарының сабақты бақылау тәжірибесі

«РУХ» дебат - тілдік дағдыларды дамыту және құндылықтарды дәріптеу.

«Оқуға құштар мектеп» - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

«Жасыл мектеп» жобасы білім алушыларға экологиялық тәрбие құндылықтарын дәріптеу

Апта сайын болатын сынып сағатында сынып сағатының тақырыбымен қатар 10 минут жеке қауіпсіздік сағатын өткізу. Тәрбие жоспарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтары мен әр айға бөлінген тақырыптар негізінде өткізілу.

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АЛДЫҒА АРНАҒАН МІНДЕТТЕР МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚИЯМАТЫ»


АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОҒАМ ОРТАЛЫҒЫ

«Жеке күнісіздің» сағаты 10 минут сынып сағатында



Нормативтік құжаттар

Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы №18 бұйрығы сынып жетекшісі туралы ережелін негізге алады.




Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірінің №130 бұйрығы ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2025 №88 бұйрығы

«Баланы тәрбиелеу (бүтін бір) педагогикалық технологияларын білету туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсанның №466 бұйрығы

«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті тексеру формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрық

1-8 сыныптарда сынып сағатында ҚОҒАМ АРНАҒАН МІНДЕТТЕР МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҚИЯМАТЫ АКТ №1 құрметті Ақпараттық бағдарламасы



26.08.2024ж. күні 1-11 сыныптың жетекшілерінің әдістемелік семинар-кеңесі



Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» негізінде мектептің тәрбие жоспарында және сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарында жүзеге асырылу 1-11 сынып жетекшілеріне тапсырылсын.

Гимназия директоры

Кабылова Н. К.

Хатшы:

Г. Оналбаева

